№85 АВТОРЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

Нұр-Сұлтан қ. «29» сәуір 2020 жыл

Қазақстан Республикасының азаматшасы **Нуржан Муратәлі Раушанұлы**, жеке куәлік №[redacted] берген, бұдан әрі «Автор», бір жағынан және бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын «Фолиант» баспасы» (2002 жылғы 21 қаңтардағы №11175-1901-ЖШС мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры **Нұрлан Сәрсенбіұлы Исабеков** тұлғасында, екінші жағынан, бұдан әрі «Тарап/Тараптар» бірлесіп және (немесе) жеке төмендегі осы келісімшартты (ары қарай – Келісімшарт) жасасты.

1. КЕЛІСІМШАРТ МӘНІ

1.1. Автор Пайдаланушыға **«Жасыл көлдің құпия тұрғыны», «Таинственный обитатель Зеленого озера», «Ғажайып жерге саяхат», «Ақмойнақ» хикаяттарын, «Көке, қашан келесің?» атты әңгімесі мен «Күнді сөндіріп алмайық» атты ертегісін** (ары қарай – Шығармалар) пайдалануға айрықша құқық береді, ал Пайдаланушы осы құқықты бергені үшін Авторға сыйақы төлейді. Осы келісімшарттағы «пайдалану» сөзі Шығармаларды тауар түрінде немесе осы Келісімшартта қарастырылған азаматтық айналым шегінде басқалай пайдалану деген ұғымды білдіреді.

1.2. Автор Пайдаланушыға Шығарманы пайдалануға айрықша құқықты келесі тәсілдермен береді:

1.2.1. Шығармаларды (басып шығару, жариялау құқығы) тиісті серияда немесе сериядан тыс Пайдаланушының фирмалық атауымен, өндірістік маркасымен және тауарлық белгісімен басып шығару, жариялау.

1.2.2. Шығармалардың даналарын кез келген тәсілмен (тарату құқығы) шектеусіз мерзімде дүние жүзі аймағында сату, сатуға өткізу, т.с.с. тарату;

1.2.3. Шығармаларды Пайдаланушының фирмалық атауымен, өндірістік маркасымен және тауарлық белгісімен жария түрінде пайдалану, оны ақпараттық, жарнамалық және басқа да мақсаттарда көрсету. Бұл ретте Шығармалардың әр данасында Автордың аты-жөні немесе лақап аты (көпшілік пайдалану құқығы) көрсетілуі тиіс.

1.2.4. CD немесе басқа да электрондық тасымалдағышта/ресурста пайдалану (көшірме жасау құқығы)

1.3. Автор осы Келісімшартқа сәйкес берілетін Шығармалардың авторлық құқығының бірден-бір иеленушісі екеніне кепілдік береді.

1.4. Пайдаланушы Шығармаларды өз бетінше басып шығара алады немесе осы Келісімшарт шарттары бойынша басып шығаруға басқа мекемелерді (мысалы, бірлескен басылым шығару) тарта алады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Автор:

2.1.1. Осы Келісімшарттың 1.2-тармағында қарастырылған кез келген тәсілмен Шығармаларды үшінші тұлғаларға пайдалану құқығын бермеуге **міндеттенеді.**

2.2. Пайдаланушы:

2.2.1. Шығармалар басылымының әр данасында Автордың аты-жөні немесе лақап атының болуын, сонымен қатар негізгі (титулды) беттің теріс жағында, төменде авторлық құқық қорғау белгісінің ©, Автордың аты-жөнінің (лақап атының) болуын және де Шығармалардың бірінші басылымының жылын көрсетуді қамтамасыз етуге **міндеттенеді.**

2.2.2. Пайдаланушы осы Келісімшарт бойынша берілген құқықтарды дүние жүзі аймағында пайдалануға құқылы.

2.2.3. Пайдаланушы осы Келісімшарт бойынша алған айрықша құқықты үшінші тұлғаларға (басқа тілдерге аударуды қоса есептегенде) беруге құқылы, бұл ретте Авторға үшінші тұлғаға бергені үшін алынған сомасының 25%-ын төлейді.

2.2.4. Пайдаланушы Авторға алғашқы таралымнан 2 (екі) дана тегін кітап беруге міндеттенеді.

Пайдаланушы _____ Автор _____

2.3. Тараптар телефондарының байланыс нөмірлері, пошталық және банк реквизиттері өзгерген жағдайда бір-біріне 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенеді.

3. СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Пайдаланушыға осы Келісімшарттың 1.2-тармағына сәйкес Шығармаларды пайдалануға айрықша құқық бергені үшін берілетін авторлық сыйақы мөлшері **сандық және оларды интернет-ресурстарда жүктеуді қоса алғанда, тасымалдағыштың кез келген түріндегі Шығармалардың әрбір данасына тағайындалатын баспа бағасының [redacted] құрайды.**

3.2. Пайдаланушы Авторға сыйақы төлеуді Шығармалармен оның кітап түрінде жарыққа шыққан бір ай ішінде, немесе ақшалай баламада, Шығармалардың әр таралымының (басылымының) 50%-ы сатылып болған соң жүргізеді.

3.3 Авторға сыйақы төлеуді Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық салықтар мен төлемдерді ұстап қалу арқылы жүргізеді.

3.4. Егер авторлар саны бірнешеу болса, олар жазбаша түрде сыйақыны бір автордың алуына келісім береді, өз кезегінде ол Авторлар арасында өзара бөліседі. Баспа авторларға төленген сыйақының бөлінуіне жауап бермейді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Келісімшартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған Тарап Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.2. Осы Келісімшартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған Тарап басқа Тарапқа орындамау салдарынан ұтылған пайданы қоса есептегендегі болған шығынды өтеуге міндетті.

5. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР

5.1. Осы Келісімшартқа енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптармен келісіледі және осы Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім түрінде рәсімделеді.

5.2. Осы келісімшартты түсіндіру кезінде пайда болған таластар мен келіспеушіліктерді Тараптар кеңесулер мен келіссөздер арқылы шешеді.

5.3. Аталған жолмен оларды реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда таластар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

5.4. Осы Келісімшартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасымен регламенттеледі.

5.5. Келісімшарт қазақ тілінде бірдей заңды күші бар екі данада жасалған, әр Тарапқа бір данадан беріледі.

5.6. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі осы Келісімшартқа қол қойған күннен бастап 10 (Он) жыл.

6. ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

Пайдаланушы:	**Автор:**
«Фолиант» баспасы» ЖШС	**Нуржан Муратәлі**
010000, Нұр-Сұлтан қ.,	[redacted]
Ш. Айманова, 13	
БИН 020140000742	
ИИК KZ558560000000267305	жеке куәлік № [redacted]
БИК KCJBKZKX	ЖСН [redacted]
АО «Банк Центркредит» Нұр-Сұлтан қ.	Ұялы тел. [redacted]
КБЕ 17 Тел.: (717) 233 93-69	
Директор	**Автор**
_____ **Н.С. Исабеков**	_____ **Н. Муратәлі**